БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ
және ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 116 (9693) 1955 жылғы 12 июнь Жексенбі

Шығуына 36 жыл.
Жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганинде Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Нерудің құрметіне болған қабылдау (1-бет).

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы (1-бет).

А. Щербаков. — Мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлейік (2-бет).

Б. Әлібеков. — Колхоз кірісін молайту жолында (2-бет).

Қ. Нүрпейісов. — Механизаторлар күшімен (2-бет).

В Ахременко. — Қажырлы еңбек жемісі (2-бет).

С. Қаюмов. — Пішеншілер үшін (2-бет).

ВОЗВЫШЕН СОВХОЗЫНА 25 ЖЫЛ: **С. Чуркин.** — Жаңа табыстар үшін күресеміз. **И. Чударов.** — Сүйген мамандық. **К. Белый.** — Коллектив ұйытқысы. **Ә. Баясов.** — Қой шаруашылығын өркендете береміз. **В. Ткачев.** — Тракторда 25 жыл. **Ф. Богинич.** — 25 жыл (3-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Совхоздардың рентабельдігін арттыра берейік

Ауыл шаруашылығының барлық саласын шұғыл өркендетіп, елімізде ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасау жөнінде партия мен үкімет алға қойған міндеттерді жүзеге асыруда совхоздар зор роль атқарады. Мұны біздің облысымыздағы совхоздардың жыл сайынғы практикалық ісі айқын көрсетуде. Алдыңғы қатарлы ауылшаруашылық техникамен қаруланған, іс тәжрибесі мол, қабілетті басшылармен, механизаторлармен және маман кадрлармен нығайтылған совхоздар астықты, картопты, овощты, етті, сүтті, жүнді, тағы басқа ауылшаруашылық өнімдерін жыл сайын мол өндіруде.

Газетіміздің бүгінгі номерінде құрылғанына 25 жыл толуына байланысты Возвышен астық совхозының біртоп алдыңғы қатарлыларына сөз берілін отыр. Олар өз совхоздарының астық және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде қол жеткен табыстарын орынды мақтан етеді. Совхоз коллективі 25 жыл бойындағы қажырлы еңбектерінің жемісіне қуаныш сезімімен қарайды. Сонымен бірге ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді будан былай да үздіксіз арттырып, оларды мемлекетке көп тапсыруға, сөйтіп, өз шаруашылығының рентабельділігін арттыра беруге ішкі резервтерді тиімді пайдалана беретіндіктерін айтады.

Аталған совхоз үстіміздегі жылы 36292 гектар ауылшаруашылық дақылдарын екті. Көктемгі егіс жұмыстары агротехникалық ең қысқа мерзімде өткізілді. Совхоз коллективі ауылшаруашылық дақылдарын егудің прогрессивтік әдістерін—картопты, күнбағысты, әсресе жүгері дақылдарын шаршы-ұялап отырғызуды, дәнді дақылдарды тарқатарлы және тоғыспалы әдіспен егуді кеңінен қолданды. Көзір мұнда егінді күтіп-баптау жұмыстары ойдағыдай ұйымдастырылып отыр.

Сол сияқты Чистов, Мамлют совхоздары ауылшаруашылық өндірісінің негізі болып табылатын астықтың жалпы түсімін арттырудың сарқылмас резервтерін нетұрлым тиімді пайдалана отырып, сонпайдаланылмауынан болып отырған жағдай.

Көптеген совхоздар жер жұмыстауда агротехникалық талаптарды ойдағыдай жүзеге асырмайды, органикалық және минералдық тыңайтқыштарды топырақты қосымша қоректендіруге аз қолданады. Отамалы дақылдарды, әсресе жүгеріні шаршы-ұялап егудің тәртібін өрескел бұрмалайды.

Мал шаруашылығын өркендету ісі де совхоздардағы бар мүмкіншіліктердің дәрежесіне сай емес. Осының салдарынан Ұзынкөл, Торанғыл, Буденный атындағы, Степной совхоздарында мал шаруашылығы өнімдерін өндіру өте-мөте қанағаттанғысыз. Сонымен қатар, бұларда және бірқатар басқа да совхоздарда малдың өлім-жітімге ұшырауына, аналық малдардың қысыр қалуына жол берілуде.

Астықтың жалпы түсімі аз, мал шаруашылығының өнімдері төмен болуының салдарынан совхоздарда әрбір өнімнің түсер бағасы жоспардағыдан едәуір жоғары болып отыр. Бұл совхоздардың рентабельділігін арттыруға негізгі бөгет болып келеді.

СОКП Орталық Комитетінің ячвары Пленумы елімізде астықтың жалпы түсімін 1960 жылға дейін жыл сайын кемінде 10 миллиард пұтқа жеткізу, ал мал шаруашылығының негізгі өнімдерін екі есе және екі еседен де артық өндіру міндетін қойып отыр. Бұл міндеттерді мүлтіксіз жүзеге асыруға елеулі үлес қосу үшін облысымыздың совхоздары орын алып келген кемшіліктерді батыл жоюлары қажет. Сонымен бірге совхоз басшылары мен мамандар және олардың бастауыш партия ұйымдары, жұмысшылар комитеттері совхоздардағы шаруашылық жұмыстарды негізінен жақсартудың, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын, мал шаруашылығы өнімділігін арттырудың, осының негізінде мемлекетке астықты, етті, сүтті, жүнді және басқа ауылшаруашылық өнімдерін көп тапсырудың шараларын жүзеге асырулары тиіс. Өнімнің өзіндік құнын мықтап кемітіп, әрбір совхоздың рентабельді жұмыс істеуін сөйтіп, оларды үлгілі, мол

НИКОЛАЙ АЛЕКСАНДРОВИЧ БУЛГАНИН

★ ★

Николай Александрович БУЛГАНИН жолдаска

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССР

ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганинде Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Нерудің құрметіне болған қабылдау

9 июньде ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин Кремльдің Үлкен сарайында Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Нерудің ССРО-да болуы құрметіне қабылдау ұйымдастырды.

Қабылдау басталар алдында Индия Республикасы мен Совет Одағының мемлекеттік Гимндері орындалды.

Қабылдауда Индия Республикасының Премьер-Министрі және Сыртқы Істер Министрі Джавахарлал Неру, оның қызы Индира Ганди, Индия Республикасы Сыртқы істер министрлігінің бас секретары Н. Р. Пиллаи, Индия Республикасының Сыртқы істер министрлігі европалық бөлімінің меңгерушісі А. Хуссеин, Индия Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі К. П. Ш. Менон, Индия Республикасының ССРО-дағы елшілігінің бірінші секретары П. Н. Кауль болды.

Совет жағынан қабылдауда К. Е. Ворошилов, Л. М. Каганович, Г. М. Маленков, А. И. Микоян, М. Г. Первухин, М. З. Сабуров, Н. С. Хрущев, П. Н. Поспелов, М. А. Суслов, ССРО Министрлер Советі Председателінің орынбасарлары А. П. Завинягин, А. Н. Косыгин, В. А. Кучеренко, П. П. Лобанов, В. А. Малышев, И. Ф. Тевосян, М. В. Хруничев, РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. П. Тарасов, РСФСР Министрлер Советінің Председателі А. М. Пузанов, ССРО Министрлері П. Я. Антропов, В. Г. Бакаев, И. А. Бенедиктов, Ф. Д. Вараксин, П. Н. Горемыкин, Н. А. Дыгай, В. П. Елютин, Г. К. Жуков, В. Г. Жаворонков, А. Г. Зверев, А. А. Ишков, И. Г. Кабанов, Е. Ф. Кожевников, А. К. Кортунов, Л. Р. Корниец, С. Н. Круглов, М. Д. Коврыгина, А. И. Костоусов, В. Д. Калмыков, Е. С. Новоселов, Ф. Г. Логинов, И. А. Лихачев, П. Ф. Ломако, Н. А. Михайлов, И. И. Носенко, Г. М. Орлов, П. И. Паршин, Н. Псурцев, Н. С. Рыков, Д. Я. Райзер, И. Т. Скиданенко, С. А. Степанов, Д. Ф. Устинов, З. А. Шашков, А. Г. Шереметьев, П. А. Юдин, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председателі Н. К. Байбаков, ССРО Бас прокуроры Р. А. Руденко, ССРО Ғылым академиясының президенті А. Н. Несмеянов, СОТА-ның жауапты жетекшісі Н. Г. Пальгунов, «Правда» газетінің бас редакторы Д. Т. Шепилов, «Красная звезда» газетінің бас редакторы В. П. Московский, РСФСР Министрлер Советі Председателінің орынбасары Н. Н. Беспалов, Москва облыстық Советі атқару комитетінің председателі А. П. Волков, Москва Советі атқару комитетінің председателі М. А. Яснов, Совет Одағының Маршалдары И. Х. Баграмян, С. С. Бирюзов, И. С. Конев, К. С. Москаленко, В. Д. Соколовский, БЛКЖО Орталық Комитетінің секретары А. Н. Шелепин, ССРО Министрлерінің орынбасарлары, А. А. Громыко, В. В. Кузнецов, В. А. Зорин, В. С. Семенов, С. В. Кафтанов, П. Н. Кумыкин, В. В. Мацкевич, В. Н. Столетов, В. С. Семенов, И. Ф. Семичастнов, Н. Е. Твердохлебов, РСФСР Мәдениет министрі Т. М. Зуева, авиацияның бас маршалы П. Ф. Жигарев, артиллерияның бас маршалы М. И. Неделин, армия генералы А. И. Антонов, адмирал Н. Е. Басистый, генерал-полковниктер А. С. Желтов, Ф. Ф. Кузнецов, И. А. Серов, ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы секретарының орынбасары А. Ф. Горкин, физкультура және спорт жөніндегі комитетінің председателі Н. Н. Романов, ССРО жазушыларының одағы басқармасының бірінші секретары А. А. Сурков, ССРО көркем сурет академиясының президенті А. М. Герасимов, шетелдермен мәдениет байланысының Бүкілодақтық қоғамы басқармасының председателі А. И. Денисов, Москваның және бу-

ты жылдары облысымыздағы үлгілі және жоғары рентабельді шаруашылықтардың бірі болып келеді.

Алайда, совхоздардың жұмысында әлі де болса елеулі кемшіліктер бар екенін айта кетуіміз керек. Өткен жылы көптеген совхоздарда ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімі төмен болды. Мәселен, Қызылы, Степной совхоздары жоспар бойынша дәнді дақылдардың әрбір гектарынан небәрі 10— 11,5 центнерден ғана өнім жыйнады. Егін өнімділігінің төмен болуы мал шаруашылығы өнімдерінің кем дайындалуына, мемлекетке астықтың және басқа өнімдердің аз тапсырылуына әкеліп соқты.

Совхоздарда ауылшаруашылық өнімдерін өндірудің артта қалуы, әсресе астықтың жалпы түсімінің төмен болуы совхоз басшыларының шаруашылыққа нашар басшылық етуінің, олардың озат тәжрибені өндіріске кеңінен енгізуге көңіл бөлмеуінің салдары болып табылады. Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналары қанағаттанғысыз пайдаланылады, машиналардың сменалық жұмыс өнімділігі төмен, тракторлардың техникалық жарамсыздығы себепті бос тұруы әлі де болса көп. Мұның өзі негізгі ауылшаруашылық жұмыстарды жүргізу мерзімінің ұзаққа созылуына, егін шығымдылығының төмен болуына әкеліп соғуда. Үстіміздегі жылы Буденный атындағы, Тимирязев атындағы, Докучаев атындағы, тағы басқа совхоздар егін егу жоспарын толық орындамады. 11 совхозда дәнді дақылдар себудің жоспары орындалмай қалды. Мұның өзі көктемгі егіс кезінде трактор қуатының, тағы басқа ауылшаруашылық машиналардың тиімді товарлы шаруашылыққа айналуын қамтамасыз етулері қажет.

Астық өндіруді арттырудың маңызды резервтерінің бірі тың және тыңайған жерлерді игеру болып табылады. Ал үстіміздегі жылы игерілуге тиіс тың жерлер облыс совхоздарының қай қайсысында болсын аз емес. Бұл жерлерді игеруде алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың іс тәжрибелерін кеңінен қолдануға ерекше назар аудару керек. Әрбір совхоз техника қуатын өнімді пайдаланып, еңбекті аз жұмсай отырып, астықты барынша көп өндіруге, сөйтіп елімізге неғұрлым арзан астық беруге барлық мүмкінділіктерді пайдалануы тиіс.

Астық ресурсын арттырудың тағы бір қайнар бұлағы егін жыйнау кезіндегі ысырапты азайту екені белгілі. Ал астық ысырабын барынша азайту егін жыйнауды неғұрлым қысқа мерзім ішінде өткізуді талап етеді. Сондықтан комбайндарды, егін жыйнайтын басқа да машиналарды тез және жоғары сапада жөндеп, егін жыйнау жұмысын ең қысқа мерзім ішінде өткізуге сақадай сай әзірленудің маңызы зор. Осыған байланысты совхоз басшылары егін жыйнауға әзірлік жұмыстарына күнбе-күн басшылық етіп отыруға міндетті.

Көзір ауылшаруашылығындағы аса маңызды жұмыс — жемшөп дайындау жұмысы басталды. Мал басының көбейіп, мал шаруашылығы өнімділігінің артуы жемшөп дайындауды ойдағыдай өткізуге байланысты. Олай болса, совхоз басшылары шөп шабуға қолда бар күш-мүмкіншілікті толық пайдаланып, шөп шабатын, жыйнайтын, маялайтын және тасыйтын әрбір машинаның өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті.

Еңбек өнімділігі артуда

АҚТӨБЕ, (ҚазТАГ). Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кенесіне қатысушылардың Үндеуі облыс кәсіпорындарында қызу қарсы алынды. «Большевик» жөндеу заводының коллективі өнім шығарудың бес айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындап, еңбек өнімділігін өткен жылдағымен салыстырғанда 34 процент арттырды.

Кәсіпорынның өнертапқыштары мен рационализаторлары еңбек өнімділігін арттыруға, өнім шығаруды ұлғайтуға және өнімнің өзіндік құнын кемітуге зор үлес қосып келеді. Жоғары өнімді астық тиегіш машина шығару меңгерілді. Завод июньде осындай 200 агрегат шығарады. Мұнымен қатар ватранканы электр қуатымен үрлеп от жағып қыздыру әдісі меңгерілді. Оны өндіріске енгізу кәсіпорынның бір жылда 14 мың сом қаржы үнемдеуіне мүмкіндік береді.

Еңбек өнімділігін арттырып, өндірісті өрге бастырудың жаңа резервтерін іздестіре отырып, заводтың коллективі бесжылдық жоспарды 1 октябрьге дейін орындауды ұйғарды. Токарьлар Мартынов, Ғалиев, слесарь Илларионов, қалыпшы Щербина жолдастар өздерінің бесжылдық тапсырмаларын орындап, кезірдің өзінде келесі жылдың есебіне жұмыс істеуде, сменасына үш нормаға дейін орындайды.

«Ақтөбнефтеразведка» тресінің өндеу-механика заводының металшылары Үндеуге еңбек өнімділігін арттырумен, прогрестік жұмыс әдістерін өндіріске енгізумен жауап беруде. Жаңашылдардың ұсынысы бойынша мұнда бұрынғыларға арналған коронка жасаудың жаңа технологиясы қолданылады. Ұста-сваркалау цехы жұмысшыларының еңбек өнімділігі жыл басынан бері 7 процент артты. Шелудяков жолдас басқарған слесарь-котельщиктердің бригадасы жұмысты өте жақсы істейді. Бригада норманы күн сайын екі еседен аса арттырып орындауда.

Одағының Министрлер Советі Ленинніңсенімді шәкірті және Сталиннің сенімді серігі, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері, Сізді — Сіздің туғаныңызға алпыс жыл толған күні қызу құттықтайды.

Коммунистік партия мен совет халқы Совет мемлекетін орнату және социалистік индустрияландыру жолындағы күресте, фашистік басқыншыларды жеңіп шығу жолындағы, Отанымыздың экономикалық және қорғаныс қуатын нығайту жолындағы күресте Сіздің сіңірген еңбектеріңізді жоғары бағалайды.

Партиялық және мемлекеттік қызметтің барлық орындарында Сіз өзіңіздің барлық күшіңізді қажымай қайратпен және жоғары принципті-лікпен коммунизм құрылысының ұлы ісіне жұмсап келесіз.

Біздің досымыз және жолдасымыз, біздің қымбатты Николай Александрович, Сіздің сау-саламат болуыңызға және Совет Одағы халықтарының игілігіне, коммунизмнің игілігіне бұдан былай да көп жылдар бойы жемісті қызмет ете беруіңізге шын жүректен тілектеспіз.

СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ

ССР ОДАҒЫНЫҢ МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ

Н. А. БУЛГАНИН жолдасқа Социалистік Еңбек Ері атағын беру туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин жолдастың туғанына алпыс жыл толуымен байланысты және оның Коммунистік партия мен совет халқының алдында сіңірген аса үздік еңбектері атап көрсетіліп, Николай Александрович **Булганин** жолдасқа **Социалистік Еңбек Ері** атағы берілсін, оған **Ленин** ордені мен **«Орақ және Балға»** алтын медалі қоса тапсырылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.

10 июнь, 1955 жыл.

ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганиннің Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Нерумен әңгімелесуі

10 июньде Кремльде ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганич Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Нерумен әңгімелесті.

Әңгімеге ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасарлары Л. М. Каганович және А. И. Микоян қатысты.

Әңгімеде Дж. Нерудің қасына ерген адамдар: Индия Республикасы Сыртқы Істер Министрлігінің бас секретары Н. Р. Пиллаи, Индия Республикасының Сыртқы Істер Министрлігі европалық бөлімінің меңгерушісі А. Хуссеин, Индия Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі К. П. Ш. Менон және Индия Республикасының ССРО-дағы елшілігінің бірінші секретары П. Н. Кауль болды.

Әңгімеде совет жағынан: Сыртқы Істер Министрінің Бірінші Орынбасарлары А. А. Громыко және В. В. Кузнецов, ССРО-ның Индия Республикасындағы елшісі М. А. Меньшиков болды.

Әңгімелесу шын пейілді, достық жағдайда өтті.

(СОТА).

кіл русстың патриархы Алексей, митрополит Крутицкий және Коломенский Николай, ССРО-ның европалық бөлігі мен Сибирь мұсылмандарының діни басқармасының председателі Ш. Хиялетдинов, Бейбітшілікті қорғаудың советтік комитетінің председателі Н. С. Тихонов, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің директоры Н. В. Цицин, ССРО Министрлер Советінің, ССРО Сыртқы істер министрлігінің, ССРО Қорғаныс министрлігінің, ССРО Сыртқы сауда министрлігінің жауапты қызметкерлері, өндіріс жаңашылдары, ғылым, мәдениет қайраткерлері, журналистер болды.

Қабылдауда қонақтар арасында Төтенше және Полномочиелі елшілер: Швециядан —Р. Р. Сульман, Бирма одағынан—Монг Он, Корей Халық Демократиялық Республикасынан —Лим Хэ, Вьетнам Демократиялық Республикасынан—Нгуэн Лонг Банг, Итальян Республикасынан —М. ди Стефано, Франциядан — Л. Жокс, Поляк Халық Республикасынан— В. Левиковский, Чехословак Республикасынан— Я. Вошаглик, Аргентинадан, — Л. Браво, Нидерландиядан — Э. Тейксейра де Маттос, АҚШ-тан— Ч. Э. Болен, Австриядан —Н. Бишофф, Албания Халық Республикасынан —М. Прифти Герман Демократиялық Республикасынан —Р. Аппельт, Великобританиядан —У. Хэйтер, Грециядан —А. Д. Контумас, Мексикадан— А. Розенцвейг Диас, Афганистаннан —Г. Я. Тарзи, Канададан —Дж. Б. К. Уоткинс, Норвегиядан—Э. Бродланд, Румын Халық Республикасынан — И. Раб, Венгер Халық Республикасынан —Ф. Мюнних, Туркиядан —С. Эсин, Қытай Халық Республикасынан —Лю Сяо, Израиль мемлекетінен —И. Авидар; төтенше кіші елшілер және полномочиелі министрлер: Люксембруттен—Р. Блюм, Эфиопиядан —Г. Заллака, Таиландтан— Ш. Срестапутра, Швейцариядан Э. Де. Халлер, Исландиядан —П. Торстейнссон, Сириядан —Ф. Хани, Леваннан —А. Нажжар, Даниядан— А. Мерк; уақытша елшілер: Ираннан —А. Этесами, Пакистаннан— М. Ахмад, Югославия Федерациялық Халық Республикасынан —Б. Осолник, Монгол Халық Республикасынан —Л. Тойбо, Индонезия Республикасынан—С. Худьоното, Болгария Халық Республикасынан— П. К. Царвуланов, Египеттен— Н. А. Х. Кәдри, Бельгиядан— Э. Декастио-Гюго, Финляндиядан—Я. Халлама болды.

Қонақтар арасында сонымен қатар ССРО-да жүрген, М. Чалапатхи Рау бастаған Индия журналистерінің делегациясы да болды.

Қабылдау кезінде Н. А. Булганин және Джавахарлал Неру сөз сөйледі.

Қабылдау шын пейілді және достық жағдайында өтті.

* * *

Қабылдауға қатысушылар үшін искусство шеберлерінің күшімен үлкен концерт берілді.

(СОТА).

Жоғары оқу орындарына студенттер қабылдау

Таяуда жоғары оқу орындарына өтініштер қабылдау басталады. ССРО Жоғары білім министрлігінде СОТА-ның тілшісіне мынаны хабарлады: жоғары оқу орындарына қабылдаудың тәртібіне бірқатар өзгерістер енгізілді.

Биологиялық, энергетикалық, металлургия, машина жасау, химия, транспорттық және басқа техникалық жоғары оқу орындарына түсетіндерден математикадан емтихан алынады. Физика мамандарын даярлайтын, биология, жаратылыс тану, ауыл шаруашылығының түрлі салалары, медицина мамандықтары жөніндегі жоғары оқу орындарына түсетіндер физикадан, ал гуманитарлық мамандықтар бойынша түсетіндер орыс тілі мен әдебиеттен оқуға түсу емтиханын тапсыратын болады.

Медальмен бітіргендер және техникумның оқу озаттары үшін оқуға түсу емтиханы августың бірінен бесіне дейін өткізіледі.

Оқуға түсу емтиханын тапсырғандар қатарынан ең жоғары баға алғандар ғана оқуға түсу правосына ие болады.

Конкурстен өтпеген медальшілердің жалпы конкурсе қатысуына право беріледі.

Басқа жағдайлары бірдей болғанда орта мектепті бітіргеннен кейін халық шаруашылығы мен мәдениеттің түрлі салаларында кемінде екі жыл жұмыс істегендер, сондай-ақ міндетті түрде Совет Армиясындағы қызметін бітіргеннен кейін запаска шыққандардың жоғары оқу орындарына түсуіне артықшылық право беріледі.

(СОТА).

Солтүстік Қазақстан облысы трактор бригадалары бригадирлерінің, бас инженерлерінің және ауылшаруашылық машиналары механиктерінің облыстық кеңесіне қатысушылардың

МТС-тердің барлық механизаторлары мен мамандарына

ҮНДЕУІ

Қымбатты жолдастар!

Коммунистік партия мен Совет үкметі ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына зор және жауапты міндеттер қойды. Бұл міндеттер СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қарарларында барынша айқын белгіленген. Колхоздар мен МТС-тердің ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастырудың партия белгілеген программасын мерзімінен бұрын, таяудағы екі-үш жылдың ішінде жүзеге асыруға барлық мүмкіншіліктері де бар.

Біз партия мен үкметтің ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру туралы қарарларын жүзеге асыруда машина-трактор станцияларының коллективтеріне қаншалықты зор жауапкершілік жүктелетінін жақсы түсінеміз. Совет мемлекеті МТС-терді жоғары сапалы техникамен жабдықтап, маман кадрлармен нығайтты, біздердің, МТС қызметкерлері мен мамандарының, таяудағы жылдарда МТС қамтуындағы колхоздарда астық, ет, сүт, жүн және басқа да ауылшаруашылық өндірісінің өнімдерін өндіруді шұғыл арттыруға көмектесуіміз үшін барлық жағдайларды жасады.

Быйылғы көктемнің өзінде-ақ біздің облысымыздың машина-трактор станцияларының механизаторлары ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі өркендету жолындағы күрестің бүкілхалықтық ісіне өздерінің қарапайым үлестерін қосты. Көптеген трактор бригадалары колхозшылармен ынтымақтаса отырып, көктемгі егісті ұйымшылдықпен, қысқа мерзімде және агротехникалық жоғары дәрежеде өткізді. Егіс кезінде облысымызда егіс жұмыстарын бірінші болып аяқтаған Конюхов және Преснов аудандарының механизаторлары жақсы еңбек етті. Быйыл облыс колхоздары өткен жылға қарағанда 400 мың гектар жерге егінді артық септі, оның ішінде негізгі азық-түліктік дақыл—бидай 228 мың гектар болды.

Механизаторлар мен колхозшылар жүгері сияқты дақыл астық өндіруді шұғыл арттыру және мал шаруашылығы үшін берік жемшөп қорын жасау міндеттерін шешетіндігін түсіне отырып, быйылғы жылы бұл дақылға елеулі назар аударды.

Колхоздарда 30 мың гектарға жуық жүгері шаршы-ұялы әдіспен себілді.

Енді жерде колхоз далаларында егінмен мол өнім алу жолындағы, жай, құнарлы және концентратты жемазық өндіруді ұлғайту жолындағы күрестің табысты болуы егісті күшін-баптаулы біздің ка-

лай ұйымдастырып, өткізе білуімізге, шөп шабу мен сүрлеуді кезінде өрістете білуімізге, егін жыйнауға әзірлікті аяқтап, оны тез және ешбір ысырапсыз өткізе алуымызға байланысты болады.

Әрбір колхозшы мен колхозшы әйелдің, трактор бригадасының әрбір қызметкері мен комбайншының, МТС пен колхоздың әрбір басшысының, ауыл шаруашылығының әрбір маманының егін және мал шаруашылығын өркендетудің тағдырына қаншалықты зор жауапкершілігі бар екенін түсіне отырып, Суворов және Полудень МТС-терінің коллективтері және колхозшылар облысымыздың барлық колхозшыларына және машина-трактор станцияларының қызметкерлеріне егін күтуді ұйымшылдықпен өткізуге, шөп шабуды және жемазық сүрлеуді уақытылы бастауға, егін жыйнауға неғұрлым тез әзірленіп, оны 12—15 жұмыс күні ішінде ешбір ысырапсыз аяқтауға шақырып, үндеу қабылдады.

Суворовтықтар мен полуденьдіктердің инициативасын қызу қуаттай отырып, біз, облыстық кеңеске қатысушылар, социалистік жарысқа ұштасамыз және біздің облысымыздың барлық тракторшылары мен тіркеушілерін, трактор бригадаларының барлық бригадирлері мен олардың көмекшілерін, барлық комбайншылар мен жөндеу мастерскойларының қызметкерлерін, МТС-тердің барлық механиктері мен инженерлерін Суворов және Полудень МТС-тері коллективтерінен өнеге алып, олардың патриоттық үндеуіне іспен жауап беруге шақырамыз.

Біздің әрқайсымыз, МТС жұмысшылары мен мамандары, мол өнім алу, астықтың, жүгерінің, картоптың, овощтардың және мал шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасау біздің өз қолымызда екендігін анық түсінуіміз қажет.

Қымбатты жолдастар! Жүгері, картоп және овощ егістерінің қатараралықтарын өңдеуді кезінде және ұйымшылдықпен өткізу үшін өзіміздің барлық күшімізді және білімдерімізді жұмсайық, бұл аса маңызды ауылшаруашылықтық дақылдардан мол өнім алуға жетісейік.

Мал шаруашылығының жемшөп қорын нығайту да көбінесе біздің ынтымақтаса күш жұмсауымызға байланысты. Біздің борышымыз—шөп жыйнайтын құралсаймандарды жөндеуді тезірек аяқтап, бүкіл техниканы шөп шабуға, оны жыйнауға, шөмеле тартуға және маялауға же-

тек жай ғана емес, сонымен қатар құнарлы және концентратты жемазықтардың жеткілікті мөлшерде болуы біздер мен сіздерге байланысты, қымбатты жолдастар.

Колхозшылармен бірлесе отырып, траншеялар мен сүрлемдік орларды қажетті мөлшерде мезгілінде салуға және шегендеуге, кемінде әр сыйырға 10 тоннадан сүрлем салуға міндеттенеміз. Бұл колхоздарға мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға, Отанымызға сүтті, етті, тоңмайды, жұмыртқаны және жүнді көп тапсыруға мүмкіндік береді.

Жолдастар, комбайншылар және машина-трактор мастерскойларының қызметкерлері, жолдастар, МТС-тердің механиктері, инженерлері мен техниктері! Барлық комбайндарды тезірек, сақадай сай әзірлікке келтіріп, әрбір комбайнды тәулігіне тоқтаусыз 20 сағаттан жұмыс істеп, астықты таза және ысырапсыз жыйнайтындай етейік. Егін жыйнау кезінде ысырапты азайту—астық өндірісін ұлғайтудың ең ірі резервтерінің бірі екендігін есте ұстаныздар.

МТС қызметкерлерінің күшімен колхоздардың егін жыйнау басталғанға дейін жабық қырмандарды жеткілікті мөлшерде әзірлеуіне, астық қоймаларын және дәнтазартқыш машиналарды салуына және жөндеуіне, астықты тиеуді, түсіруді және тазартуды, оны мемлекетке тапсыруды тездету мақсатымен қырмандардағы ауыр жұмыстарды механикаландыруына көмектесейік.

Кезір—қызу еңбек уақыты. Колхоздарда егін күту жұмыстары басталды, жемазық дайындау, егін жыйнауға әзірлік жұмыстары кең көлемде өрістетілуде.

Біз, трактор бригадаларының бригадирлері, ауылшаруашылық машиналарының бас инженерлері мен механиктері, облыстық кеңеске жыйналып, барлық ауылшаруашылық жұмыстарын деркезінде орындау үстінде тыңғылықты жұмыс істеуге міндеттенеміз және барлық тракторшыларды, комбайншыларды, механиктерді, колхозшыларды, трактор бригадалары арасында, жекелеген тракторшылар, комбайншылар арасында, МТС-тер мен колхоздар арасында бүкіл жазғы дала жұмыстарының жоспарларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы, астық, ет, сүт, жүн және ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін өндіруді шұғыл өрге бастыру жолындағы социалистік жарысты өрістетуге ша-

Облыс колхоздарында ауылшаруашылық жұмыстарының барысы туралы

ОСЫ ЖЫЛҒЫ 10 ИЮНЬДЕГІ МӘЛІМЕТ

(Жоспардың орындалу проценті)

Аудандар	Пар жырту	оның ішінде тың пары	Комбайн жөндеу	Егінді күту	
				жүгері	күнбағыс
Соколов	28,9	14,2	40,0	25,7	—
Конюхов	20,1	4,9	47,9	12,7	33,3
Октябрь	17,6	13,4	29,8	17,1	7,7
Мамлют	17,5	1,7	35,8	23,1	14,2
Ленин	17,4	6,9	29,0	19,8	2,8
Полудень	16,7	1,3	33,1	29,8	20,4
Преснов	16,4	6,1	31,9	29,0	39.5
Приешім	11,9	4,7	33,1	37,0	35,9
Булаев	11,1	2,8	40,0	14,6	12,1
Совет	11,3	6,5	26,4	15,3	10,2
Петропавл	6,0	6,7	24,2	6,7	10,7

Облыс МТС-терінің және колхоздардың басшылары қолда бар техника күшін пар жыртуға жұмылдырмай, олардың босқа қарап тұруына жол беруде. Николаев МТС-і мыңдаған гектар пар жыртуға тиіс. Мұнда егіс жұмыстары аяқталғанына біраз уақыт өтсе де, МТС басшылары техниканы пар жыртуға толық қатыстырмай отыр. Мұнда 11 июньге дейін небары 600 гектардай ғана пар жыртылды. Оның ішінде көтерілген тың небары 157 гектар ғана. Бұған себеп сол, МТС директоры Әуелбеков жолдас пар жырту ісіне әлі күнге дейін жете маңыз бермей, «әлі уақыт бар» деген зыянды пікірдің шырмауына түскен. «Красное знамя» және Жданов атындағы колхоздарда бірқатар тракторлардың босқа қарап тұруын тек осыдан деп қарау керек.

Жаңадай Сартомар МТС-інде де осындай. Бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздарда пар жыртуды, әсресе тың көтеруді кеңінен өрістетуге мүмкіндік бар. Бірақ МТС директоры Макаров, партия ұйымының секретары Акин, сондай-ақ колхоздардың басшылары «ең әуелі тыңның шөбін шауып алайық, содан кейін жер жыртуды жүргіземіз» деген пікірде отыр. Шынында кезіргі уақытта колхоздарда шөп шабуды кеңінен өрістете, шабылған шөпті дереу жыйнай отырып, тың көтеруді де қарқынды жүргізуге әбден болады. Амал қанша іс жүзінде бұлай болмай отыр. Міне, сондықтан да бұл МТС пар жыртуда, оның ішінде тың көтеруде төзгісіз артта қалып қойды.

Октябрь ауданының колхоздары пар есебінде 40 мың гектар тың көтеруге тиіс еді. Тың көтеруді үстіміздегі айда аяқтауға техника күші жеткілікті. Аудан, МТС басшыларының іске сылбыр басшылық жасаулары себепті осы уақытқа дейін колхоздарда небары 5305 гектар ғана тың көтерілді. Коновалов, Торанғұл МТС-терінде тракторлардың жаппай қарап тұрушылығы етек алған. Аудандық партия комитетінің секретары Патютко, аудандық Совет атқомінің председателі Мусин жолдастар бұдан тиісті қорытынды шығарып, колхоздарда тың көтерудің жайын шұғыл жақсартуға міндетті.

Кезіргі уақытта облыс егіншілерінің алдында жауапты міндет тұр. Ол—быйылғы егін жыйнауды 10—12 жұмыс күні ішінде өткізу. Бұл міндетті аброймен орындау егін жыйнауға мұқият әзірленуге, әсресе комбайндарды егін оруға сапалы әзір етуге тікелей байланысты. Осыған қарамастан, МТС-терде комбайн жөндеудің барысы өте-мөте төзгісіз. Бұл жөнінде мысалға Шағлы МТС-ін алуға болады. Бұл МТС-тің комбайн жөндеуді тыңғылықты жүргізуіне барлық мүмкіншіліктері бар. Бірақ МТС директоры Филиппов жолдас бұл іске қанағаттанғысыз басшылық жасап келеді. Ол жөндеушілердің жұмысқа толық қатысуын, жөндеу жұмысының екі сменада ұйымдастырылуын қамтамасыз етпей отыр.

Егісті агротехникалық ережелерге сәйкес күткен жағдайда ғана жүгеріден мол өнім алуға болады. Бірақ Интернационал, Чапаев атындағы, Сартомар, Приешім МТС-терінің басшылары мұны ескермейтін көрінеді. Олай дейтініміз бұл аталған МТС-тер әлі күнге дейін жүгерінің қатараралығын байтауға кіріскен жоқ.

МТС-тердің және колхоздардың басшылары, сол сияқты агрономдар егінді күтуге жете назар аударып, бұл іске техника күшін неғұрлым тиімді пайдалана білулері керек.

МЕХАНИЗАТОРЛАР КҮШІМЕН

Біздің бригаданың механизаторлары Ок-

науды және оны сүрлеуді де өз міндетіміз

Колхоз кірісін молайту жолында

Калинин атындағы колхоздың басқармасы (Петропавл ауданы) колхозда пайдаланылмай жатқан резервтерді жете пайдаланып, колхоз қорын молайтудың жолын іздестірді. Колхоз жерінде көлдер көп. Басқарма колхозшылармен ақылдаса отырып, осы көлдердегі мүкті жыйнап, сатуды ұйғарды.

Колхоз басқармасының белгілеуі бойынша осы жазда қаланың құрылыс мекемелеріне және жеке үй салушыларға үш мың текшеметр мүк сатылмақ. Бұл колхозға 150 мың сом пайда келтіреді. Кәзірдің өзінде 400 текшеметр мүк дайындалып, оны сатудан колхоз 22 мың сом кіріс алды.

Мүк жыйнауда жұмыс істейтін арнаулы звено бар. Құрамында 5 адамы бар осы звеноны Қасымбай Сатыбаев жолдас басқарады. Бұл звено осы жылдың 1 октябріне дейін үш мың текшеметр мүк әзірлеп, колхозға 150 мың сом пайда келтіруге міндеттенді.

Мұнымен бірге колхозда балық аулаудан кіріс табудың да жолдары қарастырылуда. Осы уақытқа дейін ауланған балық көшпілік тамағына пайдаланылды. Колхоз басқармасы балық аулауға үш тәжрибелі балықшыны бөлді. Олар кәзір колхоз жеріндегі көлдерден мол балық ұстауда. Колхоз быйыл балық сатудан 22 мың сом пайда табады.

Жылқы фермасының меңгерушісі Никитин жолдас биелерді сауып, қымыз сату жөнінде басқармаға ұсыныс енгізді. Басқарма бұл ұсынысты қабылдады. Кәзір колхоздағы 40 биеден сауылған қымыздан колхоз 30 мың сомнан артық кіріс алмақ. Сонда колхоздың қосымша кірістен алған пайдасы 200 мың сомдай болады. Ал колхоздың 1953 жылғы барлық табысы небары 370 мың сом ғана еді. Колхоз кірісінің молаюы ауылшаруашылық машиналарын сатып алуға, колхозшылардың материалдық әл-ауқатын онан сайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Б. ӘЛІБЕКОВ.

Қажырлы еңбек жемісі

Есілкөл бағытынан құрылыс материалдарын артқан составты алып № 49-97 паровоз келе жатыр. Жас машинист тереземен басын шығарып бірсе алға, бірсе артқа жиі-жиі бұрыла қарайды. Өлсінәлсін тежеу рычагтарын ағытыңқырап, отсечкалар мен бу жіберетін клапандарды босатады. Ауыр состав жүрісін бұрынғысынан гөрі үдетіңкіреп Петропавл станциясына жақындады. Бұл паровоз депосының таңдаулы локомотив жүргізушісі комсомолец Николай Сидор болатын.

ТРАКТОР БРИГАДАЛАРЫ БРИГАДИРЛЕРІНІҢ, МТС-тердің БАС ИНЖЕНЕРЛЕРІ МЕН МЕХАНИКТЕРІНІҢ ОБЛЫСТЫҚ КЕҢЕСІНДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН.

Жүгері жақсы өсуде

Ленин ауданындағы «Бұлақ» колхозының колхозшылары Куйбышев атындағы МТС-тің механизаторларымен бірлесе отырып, алдағы уақытта қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің бірқатар шараларын белгілеп, оны мұқият жүзеге асыруда. Бұл колхоз малазығындық аса бағалы дақыл —жүгері егісінің көлемін үстіміздегі жылы өткен жылғыдан әлдеқайда көбейтті. Мұнда 119 гектар жүгері шаршы-ұялы әдіспен себілді. Колхозшылар және механизаторлар егіс егудің агротехникалық талаптарын мінсіз жүзеге асырды. Мұның өзі жақсы нәтижесін көрсетуде. Кәзір жүгері біркелкі өсіп келеді. Әрбір ұяда төрт-бес өсімдік, 10 — 12 сантиметр биіктікте өсті.

Қоспанов жолдастың басқаруындағы жүгері өсірушілер звеносының мүшелері жүгеріні баптап-күту ісіне ұйымшылдықпен кірісті. Олар егіс алаңына өскен арам шөптерді отау жұмысын жүргізуде. Әрбір ұяда екі өсімдік ғана қалдырылып, артығы жұлынуда.

Жүгері күтуде, әсресе колхозшы Нұржан Ақанов жолдас қажырлы еңбек етіп жүр. Ол күнделік жұмыс тапсырмасын 120 — 150 процент орындайды.

Мұнда жүгеріні сүрлеу ісіне де тыңғылықты әзірлік жасалуда, сыйымдылығы 120 тонналық екі ор қазылды. Ордың іші тастан шегенделді.

Л. БАҚАЕВ.

Колхозшылар бастамасы

Совет ауданы, Каганович атындағы колхоздың колхозшылары ауылшаруашылық өнімдерін тапсыру міндетін орындағаннан кейін, мемлекетке тағы да 400 центнер сүт сатпақ. Мұнымен бірге, олар әрбір жеке шаруашылықтағы міндетті сүт сату жоспарын мерзімінен бұрын орындап, колхозшылардың жеке меншігіндегі әрбір сыйырдан орта есеппен 500 литр сүт сатуға міндеттенді.

Каганович атындағы колхоздың колхозшылары бұл міндеттемені колхозшылардың жалпы жыйналысында талқылап, ауданның барлық шаруашылықтарын өздерінен үлгі алуға шақырды.

С. ЕСЕНОВ.

колхозда көктемгі егіске кірісер алдында 115 гектар жүгері егуге және одан мол өнім алуға, сөйтіп бұл дақылдың өнімінен сапалы сұразық әзірлеуге міндеттенген болатын.

Механизаторлар алған міндеттемелерін аброймен орындауда. 115 гектар жүгері қысқа мерзім ішінде сапалы егілді.

Кәзіргі уақытта жүгеріні баптап-күтуге кірістік. Біз арам шөпті трактор культиваторымен отауды ұйымдастырдық. Бұл іске тракторшылардың және тіркеушілердің жауапкершіліктері арттырылды. Өйткені, жүгерінің қатараралықтарының дұрыс бапталуы олардың іске ұқыпты қарауларына тығыз байланысты.

Бұл жұмыс негізінен тракторшы Нырметов жолдасқа тапсырылды. Ол көктемде өзіне бекітіліп берілген «СТЗ» тракторымен жүгеріні түгелдей еккен болатын. Мұның өзі Нырметов жолдастың іске жауапкершілігін арттырады.

Мәселе жүгері егіп, оны жақсы күтіп қоюмен бітпейді. Біз бұл дақылды жыйнайтын комбайн жұмыс істейтін болады. Кәзір астық комбайны осы дақылды жыйнауға бейімделуде. Сұразықтың сапалы болуы жемшөптің жақсы ұнтақталуына байланысты болғандықтан комбайншылар астық комбайнын бейімдеу уақытында машинаның жемшөпті ұнтақтау механизмдеріне жете назар аударып жүр.

Бригада мүшелері жемшөп сүрлеуге де мұқият әзірленуде. Олар, кәзірдің өзінде сыйымдылығы 300 тонналық орлар қазды. Орлар қазу әлі де қарқынды жүргізілуде. Бұл жұмыстардың барлығы жылжығыш скреперлердің күшімен атқарылуда.

Механизаторлар жүгеріні жыйнауды үлгілі ұйымдастырып, оны дереу орларға тасыйды. Сөйтіп, олар бұл жұмысты комплексті механикаландыруды өз міндеттеріне алып отыр.

Қ. НҰРПЕЙІСОВ,
Семиполка МТС-нің № 10 трактор бригадасының бригадирі.

Бригада құрамында машинист Николай Сидродан басқа оның көмекшісі болып Борисенко және кочегар Куминов жолдастар істейді. Олар үстіміздегі жылдың басынан бері паровоз айналымын біржарым есеге дейін шаппандатып, бірнеше мыңдаған тонна халық шаруашылық жүктерін тасып жеткізді. Бригаданың кәзіргі қажырлы еңбегі басқа машинистерге үлгі-өнеге болып отыр. Оған мысал ретінде бригаданың май айы ішінде істеген жұмыстарын алып қарасақ, айтарлықтай табысты көрсеткіштерді көруге болады.

Бір ай ішінде бригада 15 рет сапар шекті. Оның ішінде 10 ауыр салмақты составтарды алып жүрді. 11 сапарында жолда су алуға бөгелмей, тиісті жеріне орта есеппен 3 сағат ерте келіп отырды. Ярный тәулік ішінде 52 километр қашықтықты артық жүріп отырды. Мұндай жұмыстардың қортындысында бір ай да 26 тонна отын үнемделді.

Жас машинист Николай Сидроның еңбектегі бұл табысы мемлекетке мыңдаған сом пайда келтірді. Бригада құрамы бұл күндері өткен айдағыдан да жемісті еңбек етіп жүр.

В. АХРЕМЕНКО.

МЕКТЕПТЕРДІ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ҮЛГІЛІ ӘЗІРЛЕЙІК

Бесінші бесжылдық жылдарында облысымызда мектептер санын көбейту жөнінде едәуір жұмыстар істелді. Мәселен, 1950 жылдан бергі уақыт ішінде орта мектептер екі есе көбейтіліп, 8—10 класс оқушыларының саны төрт есе арттты. 1954—1955 оқу жылында 7 класс оқушыларын орта мектепке қабылдау, жарнаулы оқу орындарына түскен оқушыларды қоспағанда, селолық жерлерде 66 процент, қалада 91,5 процент болды. Быйылғы жылы орта мектептерді бітіруші лердің саны 1695 адамға жетіп отыр, бұл 1950 жылмен салыстырғанда бес есе көп деген сөз. Сондай-ақ мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының сапасы да жылдан жылға жақсара түсуде. Бұл фактілер облыс еңбекшілерінің мәдени дәрежесінің үнемі өсіп келе жатқандығын дәлелдейді.

Бұл күндері облыс мектептерінде мектеп бітіру және кластан-класқа көшіру емтихандары жүргізіліп жатыр. Мұғалімдер жұртшылығы мектеп өміріндегі бұл жауапты кезеңнен аброймен өту жолында қажырлылықпен еңбек етуде. Өткен емтихан қорытындылары бұған толық дәлел. Сонымен қатар кәзір облысымызда жаңа оқу жылына дайындық жұмысы да кеңінен жүргізілуде. Преснов аудандық оқу бөлімі бұл жұмысты мезгілінде және дұрыс ұйымдастырды. Еңбекшілер депутаттарының ауыл-селолық және аудандық Советтері мұғалімдердің көмегімен барлық мектеп жасындағы оқушылардың жалпы тізімін алып, алдағы оқу жылында қай мектепте қанша оқушы болатындығын анықтады. Сол сыяқты, ауданда алдағы оқу жылында жұмыс істейтін мектептердің саны дұрыс белгіленді. Кәзір аудандағы мектептерді жөндеуге 500 текшеметр құрылыстық ағаш, кірпіш және тағы басқа құрылыс материалдары дайындалды. Мектептер түрлі жабдықтар және мектеп кітапханасы үшін кітаптар сатып алуға керекті қаржымен қамтамасыз етілді. 200 жаңа парталар дайындалып, көрнекі оқу құралдарын сатып алуға заказдар берілді.

Сондай-ақ Булаев, Совет, Ленин аудандарының мектептерінде де бұл жұмыстар қызу қарқынмен жүргізілуде.

Біздің әлімізде мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу ісін бақылап, оған тікелей басшылық жасау жергілікті партия, совет орындарының салтына айналған. Сол сыяқты оқушылардың ата-аналары мен мектепті өз қамқорлығына алған мекемелер, өнеркәсіп орындары мектептерді жаңа оқу жылына дайындау ісіне үнемі көмектесіп келеді. Мәселен облысымыздың колхозшылары, МТС-тердің жұмысшылары мен қызметшілері, совхоздар мен өнеркәсіп орындарының жұмысшылары жас ұрпақтарды оқыту, тәрбиелеу ісінің табысты болуы үшін оған керекті жағдайларды жасау туралы Талдықорған облысы, Панфилов атындағы ауыл шаруашылық артелі колхозшыларының үндеуін қызу талқылап зор жігермен қолдауда.

Панфилов атындағы ауылшаруашылық артелі колхозшыларының үндеуін қолдай отырып, Ленин ауданы, «Тропинка Ильича» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары және Куйбышев атындағы МТС-тің жұмысшылары мен қызметшілері өз күштерімен жаңадан екі жетіжылдық мектеп салуға, құрылысқа керекті қаражатты колхоз бен МТС-тен бөлуге міндеттенді. Кәзір құрылыс ісі басталған. Бұл мектептерде жеті класс бөлмесі, оқу кабинеттері, пионерлер бөлмесі, кітапхана, мастерской болады.

«Тропинка Ильича» ауылшаруашылық артелі мен Куйбышев атындағы МТС коллективтерінің бұл инициативасын Ленин аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитеті қолдап, ауданның барлық еңбекшілерін мектептерге жан-жақты көмек көрсетуге шақырды.

Осы аудандағы «Совет» колхозының еңбек адамдары да игілікті бастаманы қызу қолдап, колхозшылардың жалпы жыйналысында орта мектепке көрнекі оқу құралдарын сатып алуға, оқу мастерскойын жабдықтауға 25 мың сом ақша бөлуді ұйғарды. Сол сыяқты, Полудень МТС-інің коллективі мектептің құрылысына және мастерскойды жабдықтауға міндеттенді.

Бірақ мектептерді жаңа оқу жылына жан-жақты дайындау ісі Мамлют, Петропавл аудандарында ойдағыдай жүргізілмей отыр. Сондықтан да барлық колхоздар мен совхоздарда және МТС-терде Панфилов ауылшаруашылық артелі колхозшыларының үндеуін талқылау ісін дұрыс ұйымдастырып, еңбекшілердің мектептерге көмектесулеріне жағдай туғызуға аталған аудандардың жергілікті партия, совет ұйымдары мен оқу бөлімдерінің кәзір таңдағы жедел қолға алатын ісі болуға тиіс.

Мектептерді жаңа оқу жылына дайындауда заттай көмектесумен қатар, ауылдық-селолық жерлерде жалпыға бірдей оқу заңының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету ауылдық-селолық және аудандық Советтер мен аудандық оқу бөлімдерінің негізгі міндеттерінің бірі. Алайда, бірқатар жергілікті орындардың бұл іске жауапсыз қарауының салдарынан жылсайын жүздеген оқушылар мектептен тыс қалып қойып жүр. Бұл жұмыстың быйылғы жылы да Булаев, Октябрь, Конюхов аудандарында мүлдем қанағаттанғысыз жүргізіліп отырылғандығын жасыруға болмайды. Жергілікті совет ұйымдары мен оқу бөлімдері оқушылардың санын алдын- ала белгілеу оқушылардың түгелдей мектепке қамтылуын қамтамасыз ету, кейбір алыс жерлердегі егіншілер мен мал шаруашылығындағы еңбекшілердің балаларының мектептен тыс қалып қоюын болдырмау және мектептер санын алдын-ала белгілеу ісіне көмектесуге тиіс екендігін ұмытпаулары керек. Сондықтан жергілікті совет ұйымдары мен оқу бөлімдері мұғалімдердің көмегімен алдағы оқу жылында мектептерде оқыйтын оқушылардың жалпы санын қысқа мерзімнің ішінде анықтап алуға тиіс.

Алдымыздағы оқу жылында оқушылар санының едәуір көбеюінің нәтижесінде кейбір аудандық Советтер жалпы білім беретін мектептерді қысқартып, оларды ірілендіру мәселесін көтеріп отыр. Петропавл аудандық Совет атқару комитеті мектептерді ірілендіру мақсатымен алдағы оқу жылы қарсаңында 14 бастауыш мектепті қысқартуды, Полудень аудандық Совет атқару комитеті 12 бастауыш мектепті қысқартуды белгілеген. Сөз жоқ, мектептер санын қайтадан қарау дұрыс, бірақ мектеп жасындағы балалардың мектепке түгелдей қамтылуы дұрыс қаралмағандықтан бұл аудандық Советтердің шешімімен келісуге болмайды. Мектептер санын қайта қарау көбінесе интернаттар санын көбейтуге байланысты. Ал, Соколов, Петропавл, Полудень аудандарында осы уақытқа дейін бірде-бір интернат жоқ, ірілендірілетін мектептердің жанынан интернаттар ұйымдастыру мәселесін осы бастан шешу қажет.

Мектептерді жаңа оқу жылына дайындаумен қатар оқытушылардың да мамандықтарын, саяси-идеялық білімдерін жетілдіру ісін ойдағыдай жүргізудің зор маңызы бар. Сондықтан облыстық оқу бөлімі быйылғы жазда 1 мың мұғалімнің жоғары және орта оқу орындарына барып, жазғы емтихан сессияларына қатысуын ұйымдастырғалы отыр. Ал, бастауыш мектептердің, орыс тілі, физика, математика, биология пәндерінің 400-ге жуық оқытушылары мұғалімдердің мамандықтарын жетілдіру институтының жанында ашылған курстан өтеді.

Мектептерді жаңа оқу жылына дерекзінде және сапалы дайындау —мемлекеттік маңызы бар іс. Бұл міндетті іске асыруда кездесіп отырған кемшіліктерді дереу жойып, жаңа оқу жылына дайындық жұмысын кең көлемде, ойдағыдай жүргізу—жергілікті партия, совет ұйымдары мен оқу бөлімдерінің алдында тұрған кәзіргі кезек күттірмейтін міндеттердің бірі.

А. ЩЕРБАКОВ,
Облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі.

Пішеншілер үшін

Көктемгі егіс кезінде Молодежный совхозының бригадаларында мәдениетті демалуға толық жағдай жасалған еді. Әр бригаданың вагоншалары дойбы, шахмат, музыка аспаптарымен жабдықталды. Механизаторлар жылжымалы кітапханалар арқылы жаңа әдебиеттер алып тұрды.

Көктем егісі кезіндегі сыяқты шөп шабу науқаны күндерінде де пішеншілер мен механизаторлардың бос уақыттарында мәдениетті дем алуына барлық жағдайлар қасалуда. Әрбір бригадада жылжымалы кітапхана болады. Оның кітаптары апта сайын ауыстырылып тұрады. Мұнымен бірге бригадаға гармонь, патефон және радиоқабылдағыш беріледі.

Үгітшілер үзіліс кезінде дауыстап газет, журналдардан үзінділер оқуды ұйымдастырады. Жауынгерлік листоктар шығарып, көрсеткіш тақталарды кезінде толтырып тұрады. Сол сыяқты, совхозда пішеншілер мен механизаторларға жаңа кинофильмдер көрсетіп тұру қарастырылған.

Совхоз дирекциясы пішеншілердің тұрмыстық қажеттерін өтеу мақсатымен дала қостарында көшпілік тұтынатын тауарларды сатуды ұйымдастырады. Совхоздың көшпелі вагон-моншасы пішеншілерді бригада басында қамтыйтын болады. Пішеншілер мен механизаторларға жасалған бұл қамқорлық олардың бос уақытында жақсы тынығуына, бірік жемшөп базасын жасау күресіне белсене қатысуына мүмкіндік береді.

С. ҚАЮМОВ.

Возвышен совхозына жыйырма бес жыл

СУРЕТТЕ: Возвышен совхозы алғашқы құрылған күннен бастап жұмыс істеп келе жатқан жұмысшылар. Бірінші қатарда (солдан оңға қарай) тракторшы **И. Ткачев**, үшінші бөлімшенің басқарушысы **В. Ветров**, ат қорасының меңгерушісі **Г. Потякин**. Екінші қатарда: комбайншы **Х. Қожамжаров** пен мастерской меңгерушісі **В. Билицкий**.

Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

КОЛЛЕКТИВ ҰЙЫТҚЫСЫ

Партия ұйымы совхоз коллективімен бірге өсіп, жұмысшылар мен қызметшілердің ұйытқысы болып келеді. Бұдан 25 жыл бұрын партия ұйымы небары үштөрт коммунистен ғана құрылған еді. Ол көзір құрамында 80-нен астам коммунистері бар ірі ұйымдардың бірінен саналады.

Совхоз коммунистері өндірістің шешуші участоктерінде жұмыс істеп, еңбекте өнеге көрсетіп келеді. Олар жұмысшылар бұқарасымен тығыз байланыс жасап, өндірістің барысына көпшілік бақылауын камтамасыз етеді. Мәселен, коммунистер өткен жылы трактороншы Савченко жолдас «С—80» тракторымен 1500 гектар жер жұмыстап, 500 килограммнан астам жанар майын үнемдеді. Комбайншы Кондаков, Тілеулесов жолдастар комбайншылар арасындағы социалистік жарыста басқалардан үздік шықты.

Коммунистер өндіріске қажырлы еңбек етумен бірге бұқара арасында партиямыз бен үкметіміздің саясатын кеңінен түсіндіру жөнінде саяси жұмыс жүргізеді. Үгіт коллективінің құрамында 75 адам бар. Олардың басым көпшілігі бұқараның құрметіне ие болды. Коммунистер трактороншы Савченко, қойма меңгерушісі Слонов, жұмысшы Карашунов, кірпіш заводының мастері Рожков, бригадир Белицкий, агроном Николенко жолдастар және басқалары партия мен үкметтің саясатын терең түсіндіру арқылы еңбекшілердің өндірістік белсенділіктерін арттырып отырады.

Партия ұйымы социалистік жарысты ұйымдастыру ісіне басшылықты біраз жақсартты. Біздің совхоз Чистов совхозымен жарысады. Совхоз ішінде бригадалар мен бригадалардың, фермалар мен фермалардың арасында және жеке адамдар арасында социалистік жарыс шарттары жасалған. Социалистік міндеттемелердің орындалуын өзара тексеру бөлімшелер арасында әрбір тоқсанда, бригадалар арасында ай сайын жүргізіледі. Тексерістің қорытынды[illegible] тер мен [illegible] еңбек ұйымдастыру мәселесін жақсартуды талап етті.

Партия ұйымы шаруашылықтың артта калған участоктерінде жұмысты жақсарту жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асырды. Біз мұндай участоктерге коммунистер мен комсомолецтерді және партияда жоқ активтерді көптеп жіберу арқылы жұмыс жайының жақсаруына жетісіп келеміз.

Көзір етіс бригадаларында 17 коммунист, 45 комсомолец, мал шаруашылығында 25 коммунист, 27 комсомолец жұмыс істейді. Совхоздың бөлімшелерінде партия топтары бар. Олар өздерінің жыйналыстарында, бұқара арасындағы ұйымдастыру жұмысында шаруашылық міндеттерінің ойдағыдай шешілуіне партиялық ықпалды күшейте түсуде.

Көптеген коммунистер бұқарамен жұмыс істеуге өздерінің қабілеттігін көрсете білді. Сондықтан олардың бірқатары, Самохин, Шупанов, Райко, Белицкий сияқты коммунистер басшы қызметке жоғарылатылды. Совхоз коммунистері бірнеше мамандықты игеру үшін қажырлы еңбек етуде. Мәселен, СОКП мүшелері Кондаков, Тілеулесов жолдастар бір жылдың ішінде екі мамандық алды. Көзіргілер көктемгі егіс кезінде, пар жыртуда трактороншы, егін жыйнауда комбайншы, мал қыстату маусымы кезінде мал азығын өңдеп беретін машиналарды жүргізуші болып істей алады.

Партия ұйымы жаңалық таңқыштардың инициативаларын үнемі қолдап отырады. Мәселен, коммунистер Базылов, Чуркин күрделі веялка, астық тиегіш, қаркыртқыш дайындау жөнінде инициатива көрсетті. Бұл жөнінде оларға Белоусов пен Герин сияқты мамандар көмекке келді. Партия ұйымы олардың инициативасын қолдады. Осының нәтижесінде совхозда жоғарыда айтылған ауыл шаруашылық жаңа машиналары жұмыс істейтін болды. Көзір Белоусов жолдас сағатына 17—18 тонна астық тазалайтын веялка жасауға кіріс[illegible] [illegible] инициа[illegible] [illegible] ухаг[illegible]



СУРЕТТЕ: совхоздың алғашқы құрылған күннен бастап жұмыс істеп келе жатқан жұмысшылар. Бірінші қатарда: (солдан оңға қарай) комбайншы **Р. Тілеулесов**, жұмысшы әйел **М. Қожамжарова**, комбайншы **Ы. Дәулеткереев**. Екінші қатарда: аға шопан **А. Баясов** пен ағаш шебері **И. Чударов**.

Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

Жаңа табыстар үшін күресеміз

Біздің бөлімше өткен жылы 5100 гектар егін салған болатын. Быйыл егіс көлемін елеуір ұлғайтып —7558 гектарға жеткізіп отырмыз. Әсресе малазығындық дақылдарының көлемі ұлғайтылды. 176 гектар жүгері, 100 гектардан артық біржылдық, 1450 гектар көпжылдық шөп егілді.

Бөлімшеде екі трактор бригадасы бар. Оларда 18 трактор жұмыс істейді. Трактороншы П. Панов, Ф. Рудик, В. Кусин, А. Ваал жолдастар бөлімшенің алдыңғы қатарлы механизаторлары. Олар жыл сайын және жұмыстың барлық түрінен тапсырмаларын асыра орындауда. Быйылғы көктемде де олар өздеріне тапсырылған жұмыстарды толық және артығымен орындап, егістің агротехникалық қысқа мерзімде, сапалы өткізілуіне зор үлес қосты. Механизаторлар көзір пар жыртуды қызу жүргізуде. Олардың көпшілігі сменалық тапсырмаларын 125—130 процент орындап жүр.

Бөлімше коллективі егін шаруашылығымен бірге мал шаруашылығын да өркендетіп, өнімділігін арттырып келеді. Көзір бөлімшеде 825 қарамал ба[illegible] сыйыр. Сондай-ақ [illegible] 415-ке жеткізіл[illegible] қатарлы мал өсірушілер саны көбеюде. Солардың бірі шошқа күтуші В. Газумова жолдас. Ол алынған торайларды жыл сайын шығынсыз өсіріп келеді. Быйыл қарамағындағы 15 мегежінді бір рет торайлатып, олардың әрқайсысынан 11 торай алды. Бөлімшеде өткен жылы әрбір сыйырдан 1800 литрден сүт алу жоспарланса, ол 2078 литр болып орындалды.

Быйыл малға 24 мың центнер шөп шабу жоспарланып отыр. Мұның бәрі қолдан егілген шөп есебінен дайындалады. Коллектив көзір шөп шабуға толық өзір отыр. Өздігінен жүретін, трактормен тіркелетін және көлікке жегілетін машиналар жөнделіп болды. Шөп сүрлейтін ескі траншеялар тазартылуда.

Быйыл бөлімшеде жаңадан екі мал қорасын салуды жоспарладық. Бұл үшін құрылыс материалдарын әсресе ағаш, төбе жабатын материалдар дайында[illegible] Саман кірпіш дай[illegible] бригада құры[illegible] Б[illegible]

Қой шаруашылығын өркендете береміз

Бұдан 23 жыл бұрын мен совхозда аға шопан болып істей бастадым. Онда менің қарамағымда небары 800-ге жуық қой болатын. Өткен 23 жыл ішінде мен осы қойлардан 27 мың қозы алып, оларды аман өсірдім. Совхоз қой шаруашылығынан мыңдаған сомның пайдасын көрді. Көзір мен басқаратын отарда 8500 қой бар. Олардың барлығы да биязы және биязылау жүнді қойлар.

Қой өсіру оңай жұмыс емес. Сондықтан алғашқы жылдарда маған да көптеген қыйыншылықтар кездеспей қойған жоқ. Дегенмен қыйыншылықтардан қорықпай, оны жеңуге көп еңбек жұмсадым. Фермаға зоотехникалық жағынан қамту ісін жақсарттық. Мұның бәрі біздің жыл сайын әрбір саулықтан бір-бір қозы алып, оларды аман өсіруімізге мүмкіндік туғызып келеді.

Өткен жылы әрбір 100 саулықтан 100 [illegible]озы алып, әрбір қойдан орта есеппен 3 [illegible]грамм жүн қырқылды. Сонымен бірге [illegible]бірде-бір қой шығынға ұшыра[illegible] [illegible]овхоз басшылары біздің бұл [illegible]ды бағалады. Біздің отардағы шопандарға 16 мың сом ақшалай сыйлық берді.

Біздің быйылғы табысымыз да айта қаларлықтай. Жыл басынан бері алынған қозылардың бірі де шығын болған жоқ. Сондай-ақ ірі қойлар да түгелімен аман сақталуда. Әрбір қойдан быйыл 3,5 килограмм жүн алуды жоспарлап едік. Бұл жоспардың аброймен орындалатыны көзірдің өзінде-ақ байқалып отыр. Көктемдегі қой қырқу кезінде әр қойдан 3,5—4 килограмм, кейбіреулерінен онан да көп жүн қырқылды.

Соңғы жылдары жайылымдықтарды алдын-ала жасалған жоспар бойынша участокке бөліп-бөліп пайдалануды әдетке айналдырып келеміз. Жайылымдар быйыл да осы тәртіппен пайдаланылуда. Бұл бірініштен, жайылымдықтарды дұрыс пайдалануға жағдай туғызса, екіншіден жазда қойларымыздың семіз болуын қамтамасыз етіп келеді.

Біз қой өсіру жөніндегі шеберлігімізді арттыра, ісімізге озат әдістер мен ғылым табыстарын кеңінен қолдана отырып, әлі де жоғары табыстарға жете беру үшін күресеміз.

Ә. БАЯСОВ,
аға шопан.

[illegible] Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССР [illegible] тық қоғамы басқармасының председателі А. И. Денисов, Москваның және бу[illegible]

ПОЛЯК-СОВЕТ ДОСТЫҒЫ ҚОҒАМЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

ВАРШАВА, 9 июнь (СОТА). Соғыстан кейінгі уақытта құрылған поляк-совет достығының қоғамы өткен он жылдық ішінде еңбекшілердің бұқаралық ұйымына айналды. Егер 1952 жылдың аяғында қоғамның қатарында 4,5 миллион мүше болған болса, қазіргі уақытта қоғам мүшелерінің саны 7 миллион адамнан асып отыр.

Қазір бүкіл елде қоғамның воеводстволық съездері өткізілуде.

Воеводстволық съездерді әзірлеудің және өткізудің барысында поляк-совет достығы қоғамының қатарына жаңа мүшелердің кіруі күшейе түсті.

Орыс тілін үйренуші еңбекшілер саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Кәсіпорындарда, мекемелерде және құрылыстарда бұйыл орыс тілін үйренетін 7 мың 500-ге жуық курстар ашылып, бұл курстарда 120 мыңнан аса адам оқуда.

ВЕНГРИЯДА В. И. ЛЕНИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БАСЫЛЫП ШЫҒАРЫЛУЫ

БУДАПЕШТ, 10 июнь (СОТА). Сикра баспасы В. И. Ленинніц шығармаларының 18-томын венгер тілінде басып шығарды.

ЧЕХОСЛОВАКИЯДА ЧЕХОСЛОВАК ЖӘНЕ НЕМІС ХАЛЫҚТАРЫ ДОСТЫҒЫНЫҢ АПТАСЫ БАСТАЛДЫ

ПРАГА, 9 июнь (СОТА). Бүгін Чехословакияда чехословак және неміс халықтары достығының аптасы басталды. Бұл апта Германиямен тату көршілік қатынастарды онан әрі дамыту және неміс халқымен баянды экономикалық және ғылми-мәдени байланыстар орнату ұранымен өткізілуде.

Достық аптасын мейрамдауға қатысу үшін Чехословакияға Герман Демократиялық Республикасы Халық палатасының секретары В. Кенен бастаған неміс ұлттық майданының көп адамдық делегациясы сонымен қатар еңбекшілер мен мәдениет қайраткерлерінің бірқатар делегациялары келді, оның бер жағында Прагадан Герман Демократиялық Республикасына чехословак жазушылары одағының председателі Ян Дрда бастаған мәдениет қайраткерлерінің чехословак делегациясы жүріп кетті.

Бүгін неміс және чехословак халықтары достығының аптасы басталуымен байланысты Праганың барлық газеттері өздерінің басмақалалары мен редакциялық мақалаларында чехословак және неміс еңбекшілерін Европа мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті баянды ету жолындағы күресте бірлескен күш жұмсауға шақырған, жаңа соғыс қатерін жою ісінде халықтардың достығын, ынтымағын және тілектестік бірлігін нығайтуға шақырған.

Нерудің Москваға сапары туралы Индия газеттерінің пікірлері

ДЕЛИ, 8 июнь (СОТА). Индияның премьер-министрі Нерудің Москваға келгені туралы хабарларға бүгін шыққан газеттерде басты орындар берілуде.

Нерудің Совет Одағына барған сапарын түсіндіре келіп «Нейшнл геральд» газеті былай деп жазған: «Нерудің ССРО-ға барған сапары, күмән жоқ, екі елдің арасында экономикалық және мәдени ынтымақты нығайтуға жеткізеді, ал бұл сапардың таяудағы уақытта халықаралық жағдайға ықпал жасайтыны да ерекше маңызды. . .» Нерудің Совет Одағында болуы, деп атап көрсеткен газет бұдан кейін, «халықаралық көлемде өзара түсінісуге атсалысатын болады»!

«Истерн таймс», «Локманья», «Раштрадут» газеттері және басқа газеттер де осындай пікірлер айтуда. «Санмарг» газеті былай деп атап көрсеткен: Нерудің Қытай Халық Республикасына барып қайтқан сапары сыяқты, оның Совет Одағына барған сапарының да тарихи маңызы бар».

Индия мәдениет қайраткерлері делегациясының Қытайға келуі

ПЕКИН, 9 июнь (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, Индияның Сыртқы істер министрінің орынбасары Анил Кумар Чанда бастаған Индия мәдениет қайраткерлерінің делегациясы 8 июньде Пекинге келген. Делегация мүшелерінің арасында Индияның бірқатар белгілі артистері бар.

Сол күні ҚХР Мемлекеттік Советінің премьері Чжоу Энь-лай Индияның мәдениет қайраткерлері делегациясының басшысы Чанданы, делегацияның секретары Г. Синехті және делегацияның мүшесі Р. Маратежді қабылдаған.

Бұдан кейініректе ҚХР Мәдениет министрінің орынбасары Хянь Циюнь-жий Индия мәдениет қайраткерлерінің құрметіне қабылдау ұйымдастырған.

Қабылдауда ҚХР Мемлекеттік Советінің премьері Чжоу Энь-лай, премьердің орынбасары Чинь И және басқа адамдар болған.

Аналардың Бүкіл дүниежүзілік конгресі қарсаңында

БЕРЛИН, 10 июнь (СОТА). Аналардың балаларды қорғаудың Бүкіл дүниежүзілік конгресіне дайындық жөніндегі халықаралық комиссияның секретары Гриземан ханым конгреске дайындық туралы баспасөзге арналған хабар жасады.

1955 жылдың 7—10 июлінде Парижда болатын конгреске дайындық делінген хабарда, 67 елде бірлік ұранымен және аса зор белсенділікпен жүргізілуде. Конгреске Франциядан құрамында 200 адам бар, Италиядан құрамында 100 адам бар, Герман Федеральдық Республикасынан құрамында 150 адам бар, Индиядан құрамында 30 адам бар, Бразилиядан құрамында 30 адам бар, Англиядан құрамында 20 адам бар, Жапониядан құрамында 20 адам бар, тағы басқа елдерден делегациялар келеді.

Италияда, Францияда және Финляндияда конгреске дайындық ретінде ұлттық күндер өткізілді. Индия мен Австрилияда алдағы конгреске байланысты Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі Вена Үндеуіне қол қойдыру өткізіледі. ГДР-дің қалалары мен селоларында аналардың кездесулері мен жыйналыстары өткізіледі.

Конгреске дайындық жөніндегі халықаралық комиссия күн сайын түрлі елдерден конгресті құттықтаған және қолдаған көптеген мәлімдемелер мен құттықтаулар алып отырады.

ҚХР-да АҚША РЕФОРМАСЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ

ПЕКИН, 10 июнь (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, Қытайдың халықтық банкі бүгін 1 мартта басталған ақша реформасының аяқталғаны туралы хабарлаған. Ескі ақшаларды жаңа ақшаға айырбастау бағаға әсер еткен жоқ. Сол сыяқты, шетелдік валюта курсы да өзгерген жоқ.

Жаңа банкнот шығарылғанна[illegible] банктегі вкладтар саны өткен [illegible] салыстырғанда 22 процент [illegible]

ҚХДР-де В. И. ЛЕНИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БАСЫЛУЫ

ПХЕНЬЯН, 9 июнь (СОТА). Кореяның орталық телеграф агенттігінің хабарына қарағанда [illegible] Корея Еңбек партиясы[illegible]

ИНДОНЕЗИЯ ХАЛҚЫ АТОМ ҚАРУЫНА ТЫЙЫМ САЛУДЫ ЖАҚТАУДА

ДЖАКАРТА, 10 июнь (СОТА). Индонезияда атом және сутегі қаруларына тыйым салуды жақтаған үндеуге қол қойдыру жүргізілуде. «Хариан Ракьят» газеті «Индонезиядағы әйелдер қозғалысы» ұйымы 100 мыңнан астам адамға қол қойдырғанын хабарлайды. Қол қойдыру науқанына кәсіподақтар мен жастар ұйымдары да белсене қатысуда. Тек Мадиуне қаласының өзінде 126 мыңнан астам адам қол қойған. Жұртшылықтың қалың топтары алда болатын Хельсинкидегі Бүкіл дүниежүзілік бейбітшілік ассамблеясын құттықтауда. 12 июньде Джакартада бейбітшілікті жақтаушылардың ұлттық конференциясы ашылады, мұнда Бүкіл дүниежүзілік ассамблеяға баратын Индонезия делегациясының құрамы бекітіледі.

ЖАПОН ТОҚЫМА ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ДАҒДАРЫСЫ

ПЕКИН, 10 июнь (СОТА). Токио радиосының хабарында Жапонияның тоқыма өнеркәсібі айтарлықтай дағдарысқа ұшыраған отырғандығы атап көрсетілген.

Жапонияның қоймаларында 500 мың тонна мақта-мата бумалары жыйналып қалған, бұл ішкі базарда мақта-мата кездемелеріне қажеттіліктің азайғандығынан туып отыр. Сонымен қатар Жапонияның экспорты да құлдырап кетті. Үстіміздегі жылдың январынан бастап апрельге дейін мақта-мата тоқымасының экспорты өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда 20 процент төмендеп кетті.

ОҢТҮСТІК КОРЕЯ ЖАСТАРЫ ЛИСЫНМАНДЫҚ АРМИЯҒА ШАҚЫРУДАН ЖАЛТАРУДА

ПХЕНЬЯН, 10 июнь (СОТА). Оңтүстік Корея радиосының хабарына қарағанда, Оңтүстік Чолла провинциясында мыңдаған жастар армияға шақырылудан және еңбек мобилизациясына барудан жалтарып, туған жерлерін тастап кеткен.

Оңтүстік Корея полициясының барынша азайтып берген мәліметіне қарағанда, 1954 жылы шақыру пункттеріне жастардың 30 проценті, ал 1955 жылдың январь-февралінде 45 проценті келмеген.

ФРАНЦУЗ МАРОККОСЫНДА АМЕРИКАНДЫҚ СОҒЫС БАЗАЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

[illegible] 10 июнь (СОТА). «Юзин ну[illegible] қарағанда, [illegible]

Англия кәсіподақ делегацияларының ССРО-да болуы жайында

Совет Одағында ағылшын баспашыларының, түптеушілерінің және қағаз өнеркәсібі жұмысшыларының делегациясы мен Англияның ұлттық кеншілер кәсіподағы Дербишир бөлімшесінің делегациясы жүр. Қонақтар совет адамдарының өмірімен, совет кәсіподақтарының қызметімен танысуда, өнеркәсіп орындары мен мәдени-ағарту мекемелерінде болуда.

Британ баспашылары «Правда» газетінің баспаханасында, бірінші үлгілі баспаханада, москваның музейлері мен театрларында болды. Ағылшындық қонақтардың астананың мәдениет қызметкерлері кәсіподағының активі мен журналистердің Орталық үйінде кездесуі жылы шырайлы жағдайда өтті. Делегация басшысы Вильям Моррисон кездесуде сөз сөйлеп былай деді:

—Англияда сіздердің елдеріңізді қорқып «темір шымылдық» отыр-мыс деп көп айтады. Москвада болған бірнеше күннің ішінде «темір шымылдық» туралы әңгімелердің бәрінің жалған екендігіне біздің көзіміз жетті. Біз өзіміздің достарымыздың ортасында екендігімізді бірден сездік.

Делегация мүшелері Кремльде Д. Приттке «Халықтар арасындағы достықты нығайтқаны үшін» Халықаралық Сталиндік сыйлық тапсыру салтанатында болды. Олар Горький қаласында болып, онда Молотов атындағы автомобиль заводымен танысты, Балахнин қағаз комбинатына барып қайтты. Қонақтар бірнеше күн Ленинградта болды.

Дербишир кеншілері өздерінің тілегі бойынша Кузнецк көмір бассейнінің [illegible]терлеріне барып қайтты. Олар [illegible] шахталарда болды, шахтерлермен әңгімелесті. Делегаттар Новосибирскіде бір күн болды, сол сыяқты, Сочиге барып қайтты.

Дербишир шахтерлері қазір Москваның тарихи жерлерімен танысуда.

(СОТА)

Доктор Л. Д. Кхатридің Москвадан жүріп кетуі

Хайдаравад штатының медициналық қызмет департаментінің директоры (Индия Республикасы) доктор Л. Д. Кхатри Совет Одағында үш аптаға жуық уақыт қонақ болды.

Москвада болған кезінде доктор Кхатри бірқатар медициналық ғылми-зерттеу және емдеу мекемелерінде болды, астананың тарихи жерлерін көрді, музейлер мен театрларға барды. Доктор Кхатри Тула облысында болып, онда селоларда денсаулық сақтау жұмысының қалай ұйымдастырылғанымен танысты. Доктор Кхатридің Индияда денсаулық сақтаудың қазіргі жағдайы жөніндегі ССРО Медициналық Ғылым академиясының Н. А. Семашко атындағы денсаулық сақтауды ұйымдастыру және медицина тарихы институтында оқыған баяндамасын Москваның медициналық жұртшылығы қызыға тыңдады. Баяндамашы сол сыяқты Совет денсаулық сақтау орындарының жұмысы туралы өз пікірлерін ортаға салды.

7 июньде доктор Кхатриді ССРО Денсаулық сақтау министрі М. Д. Коврижина қабылдады.

9 июньде доктор Кхатри Москвадан жүріп кетті.

(СОТА).

Индия халықтарының тұрмысына зор ынта қойылуда

ЕРЕВАН, 8 июнь (СОТА). География ғылымының кандидаты Кәмсар Аветисяннің «Қазіргі заманғы Индия» деген лекциясына кеше көп адам жыйналды, бұл лекцияны саяси және ғылми білімдер тарату жөніндегі Армян қоғамы ұйымдастырды. Лектор Индияның экономикалық және мәдени табыстары туралы, ССРО мен Индия халықтарының достығы, Ин[illegible] бейбітшілік жолындағы [illegible] рес-публиканың мыңдаған жұмысшылары, қызметшілері, колхозшылары, студенттері тыңдады. Ереванның, Ленинаканның және Кироваканның мәдениет үйлерінде, завод клубтары мен кітапханаларында Индия халқының тұрмысын баяндайтын көрмелер ұйымдастырылды. Республиканың қалалық және селолық кинотеатрларының экрандарында Индияның «Екі бигх жер», «Қаңғырған адам», «Дауыл», «Байджу Бавра», «Ганга» кинофильмдері көрсетілуде.

[illegible]нда